



Автор: Нұрлыбек Орынбек Нұрлыбекұлы

Пән: Дене шынықтыру

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Спорт ойындары арқылы командалық бірлесу әрекеттері

Тақырып: Ойын техникасын жақсарту. Спорттық ойындар баскетбол екі адым жасап себетке доп салу.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.1 Кең ауқымдағы арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігін, бақылауды және икемділікті дамытуға арналған қимыл-қозғалыс дағдыларын жетілдіру. 7.1.3.3 Баскетбол ойынының қауіпсіздік ережесін меңгерту, екі адым жасап себетке доп салу ережелерін түсіндіру. 7.2.4.4 Дене жаттығулары аясындағы іс- әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажетті ережелер мен құрылымдық тәсілдерді көрсете білу.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар орындай алады: Барлық оқушылар кең ауқымды қимыл қозғалыс дәлдік икемділік жаттығуларын орындай алады . Оқушылар екі адым жасап допты себетке салуды орындай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Көпшілік оқушылар қимыл-қозғалыс жаттығуларының реттілігін орындай алады. Оқушылар тақырыпқа сай жаттығуларды үйрене алады . Жақсы оқушылар екі адым жасап оң жақтан және сол жақтан допты себетке салуды орындай алады. Оқушылардың кейбірі орындай алады: Кейбір оқушылар қимыл-қозғалыс комбинацияларын және дене жаттығуларының реттілігін жетілдіріп жасай алады. Белсенді оқушылар екі адым жасап допты себетке салу жаттығуларын жоғары деңгейде орындай алады. Үздік оқушылар баскетбол ойыны барысындағы допты екі адым жасап допты оң және сол жақтан себетке салуды жоғары деңгейде орындай алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәндік лексика және терминология: Қосымша уақыт-овертайм-overtime Сақина-кольцо-ring Себет-сетка-grid Ысқырық-свисток-whistle Кезең-период-period Ауысу-замена-replacement Доп-мяч-ball
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік-Ел» бағдарламасынан: Жалпыға бірдей еңбек қоғамы.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	https://www.youtube.com/watch?v=rGBWBpnqMW8 Бұл видеода балдарды доппен қалай жұмыс жасау керек екендігін үйретеді.
Пәнаралық байланыс:	Физика, биология, орыс тілі, ағылшын тілі.
Коммуникативті оқыту: Диалог:	Талқылауға арналған сұрақтар: Баскетбол ойынында қауіпсіздік ережесі қалай сақталады? Не себепті..... деп ойлайсыздар? Екі адым жасап допты себетке салу қалай орындалады? Ойын барысында ойын ережесін неше рет бұзса ойыншы ойыннан шығады? Неліктен екенін айта аласыңдар ма? Баскетбол ойынында пас беру жаттығулары қалай орындалады? Ойыншылар не себепті ойын барысында ауысады? Төреші үш рет ысқырса нені білдіреді?
Блум таксономиясы:	Білу, тану, түсіну.
Ишара:	Белгісіз типі белгісіз

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (10 мин)	Психологиялық ахуал: Оқушыларды спорт залға кіргізу(сапсыз).Сәлемдесу. Оларға сабақ барысында жақсы көңіл күймен жүруді тілеу.(Себебі әр оқушы сабаққа әр түрлі көңіл күймен келеді). Белсенді оқыту: «Шаттық шеңбері» әдісі: Топтық жұмыс: Оқушыларды екі топқа бөлу. Бірінші топ бір-біріне қарама-қарсы тұрып бір-біріне жақсы тілек білдіреді. Бұл әдіс оқушыларды бір-біріне ойын анық жеткізуді және жақындастыруды қалыптастырады. «Гүлмен тілек тілеу» әдісі: Топтық жұмыс: Екінші топ- Арнайы дайындалған гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді.(Олар бір-біріне тілек тілеу арқылы бауырмалдығын оятады) Саптық жаттығулары: Саптық жұмыс: Жалпы дене жаттығулары балардың денесін қыздыруға және түрлі денсаулыққа зиянды жарақаттардан сақтайды. Оқушылар бір қатар сапқа тұрып жаттығуларын жасайды: Саптық жаттығулар: 1) Оңға. 2) Солға. 3) Кері айнал. 4) Секіріспен кері айнал. Ара қашықтықты сақтай отырып, 2реттен қайталайды. Жүгіру жаттығулары: 1) Жәй жүріспен 2) Сол иық алға, қолды иықтан алдыға секіріп жүгіру 3) Оң иық алға, қолды иықтан артқа айналдыра секіріп жүгіру. 4) Киікше секіріп жүгіру 5) Екі адым жасап, белден артқа шалқайып секіру. Блум таксаномиясы: Білу тану түсіну Жалпы дамыту жаттығулары: 1)Аяқ арасы иық кеңдігінде, қол белде, басты оңға 4рет, солға 4рет айналдыру. Жаттығу 2 реттен қайталанады. 2) Аяқ арасы иық кеңдігінде,. қол басы иықта, қолды иықтан алдыға 4рет6 артқа 4рет айналдыру. Жаттығу 2рет қайталанады. 3) Аяқ арасы иық кеңдігінде, оң қол жоғары, сол қол төмен, қолды шынтақтан бүкпелі артқа толық 2 рет жазамыз. Қолды ауыстырып, жаттығуды 3-4 рет қайталаймыз. 4) Аяқ арасы иық кеңдігінде, қол белде, белді оңға 4 рет, солға 4 рет айналдыру. Жаттығу 2рет қайталанады. 5) Аяқ арасы иық кеңдігінде, қол басы тізеде, тізені оңға 4 рет, солға 4 рет айналдыру. Жаттығу 2рет қайталанады. 6) Бастапқы қалып аяқ арасы алшақ, қол белде, 1 қол алдыға созып, оң аяққа отырамыз. 2 – бастапқы қалып 3 –қол алдыға созып, сол аяққа отырамыз 4 –бастапқы қалып Жаттығу 4 рет қайталанады. 7) Аяқ арасы иық кеңдігінде, оң қол белде, сол қол жоғары оңға қарай иілеміз. Жаттығу қолды ауыстырып, 5-6 рет қайталаймыз, Аяқ арасы иық кеңдігінде, қол алға созып, 20 рет отырып, тұрамыз. «Сұрақ - жауап» әдісі: Топтық жұмыс: Талқылауға арналған сұрақтар: Баскетболда шабуылды қауіпсіздік сақтай отырып жылдам әрі дәлдікпен орындау керек. Не себепті..... деп ойлайсыздар? Ойында шабуылға неше секунд беріледі? Ойын барысында ойын ережесін неше рет бұзса ойыншы ойыннан шығады? Неліктен екенін айта аласыңдар ма? Екі адым жасап себетке допты қалай түсіруге болады? Ойыншылар не себепті ойын барысында ауысады? Төреші үш рет ықсырса нені білдіреді? «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі. (Мұғаліммен оқушының арасындағы диалог сабақ барысын ашуға жәнеде оқушы мен мұғалімді жақындастыруға көмектеседі) Бұл әдіс оқушының өз бетінше ойлап, ақпаратты меңгере алуын. Ақпаратпен ықыласпен жұмыс жасауын. Мәтінге, әңгімеге сұрақ қоюын, тұжырымдайды Пәндік лексика және терминология: Қосымша уақыт-овертайм-overtime; Сақина-кольцо-ring; Себет-сетка-grid; Ысқырық-свисток-whistle; доп – мяч - ball Ауысу-замена-replacement; (Терминология сабағымызға қатысты термин сөздерді оқушыларға таныстырып және үш тілдік бағыттағы сабағымызды өткізуге көмегін	Спорт алаңы Оқушылардың бірін-біріне кедергі келтірмеуін қадағалау Бөлінген топтардың алаңда дұрыс ,бір-біріне кедергі келтірмейтіндей орналасуын бақылау Бейне тақта, колонка, ноутбук.
-----------------------------------	---	--

Сабақтың ортасы (25 мин)	Балдарды үш топқа бөлу және оларға топтық тапсырма беру: 1-топ Екі адым жасап оң жақтан және сол жақтан себетке доп салу. (Жұптық жұмыс) 2-топ Екі оқушы қарама – қарсы тұрып бір-біріне пас беру. (Жұптық жұмыс) 3-топ Екі адым аттай жүріп бір-біріне кеудеден кеудеге, төменнен, жоғарыдан беру арқылы допты сақинаға салу. (Жұптық жұмыс) Зтопта тапсырманы дұрыс істеп жатқанын қадағалау. Осы тапсырмаларды 5 минут жасайды. Ысқырықтан кейін орындарын ауыстырып келесі тапсырмағы көшеді (Айналмалы жаттығу әдісі) Тапсырманы жасап болғасын екі командаға бөліп 5-6 минут ойнату. Балалардың физикалық қабілетін анықтап оларды А В С тобына бөлеміз. Саралау: Блум таксономиясы: Түсіну, қолдану. А-тобындағы дұрыс жағы және қателіктер Дұрыс жағы: Екі адым жасап допты оң жақтан және сол жақтан себетке дұрыс салды. Қателіктер: Екі адым аттап допты себетке салу жаттығулары дұрыс жасалмады. Екі адым аттай жүріп бір-біріне допты кеудеден кеудеге, төменнен, жоғарыдан беру арқылы сақинаға салу тапсырмасы қате орындалды. А-тобына тапсырма: Екі адым аттай жүріп себетке доп салу. (Жұптық жұмыс) (Бұл әдіс балдарға өзінің қате жіберген тапсырмаларын қайта жасауға мүмкіндік береді). В-тобындағы дұрыс және қате жақтары Дұрыс жағы: Екі адым жасап допты оң жақтан және сол жақтан себетке дұрыс салды. 2)Қарама – қарсы тұрып бір – біріне пас беру жаттығуларын жақсы орындалды. Қателіктер: Допты жүгіріп жүріп бір-біріне кеудеден кеудеге, төменнен, жоғарыдан беру арқылы допты сақинаға салу тапсырмасы қате орындалды В-тобына тапсырма: Оқушы доппен жүгіріп жүріп кеудеден, төменнен, жоғарыдан беру реттілігін сақтай отырып сақинаға допты салу. (Жекелей жұмыс) С-тобындағы дұрыс және қате жақтары. Дұрыс жағы: Екі адым жасап допты оң жақтан және сол жақтан себетке салуды жоғары деңгейде орындады. Оқушы доппен жүгіріп жүріп кеудеден, төменнен, жоғарыдан беру жаттығулары ойдағыдай жасалды. С-тобында барлық жаттығу жоғарғы дәрежеде жасалды. Бұл әдіс оқушылардың дәлдігін нақтылығын арттыруға көмектеседі. С-тобына тапсырма: Байқағанымыздай С-тобындағы балдар барлық жаттығуды жоғарғы дәрежеде жасағандықтан басқа балдарға көмектесіп олардың тапсырма барысындағы қателіктерін тауып түсіндіріп оларға жаттығуды дұрыс жасауға көмектеседі (Топтық жұмыс)	Баскетбол добы, ысқырық,
Сабақтың соңы (3 мин)	Дескриптор: Жұптық жұмыс: Жекелей жұмыс: «А» тобы Баскетбол ойынының қауіпсіздік ережесін ескеріп допты екі адым жасап допты 5 минут бойы үздіксіз бір-біріне беруі тиісті. «Б» тобы Екі оқушы қимыл-қозғалыс реттілігін пайдалана отырып бір-біріне пас алмасып екі қадам жасау арқылы допты себетке он мүмкіндіктің бесеуін түсіруі тиіс. «В» тобы Оқушы екі адым жасап себетті дәл көздеуі тиіс. Блум таксономиясы: «Талдау» әдісі: Ұжымдық жұмыс: Кері байланыс: Сабақ соңында үш топқа бөлінген оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, қай жерде дұрыс қай жерде бұрыс екендігін айтады. Қате кеткен жерін талқылап дұрыс жерін басқалармен бөліседі. (Бұл әдісте балалар бір-бірімен пікір алысып тапсырма барысында кеткен қателіктерді тауып бір-біріне айтады.)	

Рефлексия
(2 мин)

«Ойды аяқта» әдісі:

Мен білдім..... Мен түсінбедім.....

Маған қиындық тудырғаны..... (Бұл әдісте **«Ойды аяқтау»** деп алдық, яғни әр оқушы өзінің сабақ тақырыбы бойынша білгендерін және түсбегендерін, қиындық тудырған тұстарын айтып өз пікірлерін білдіреді.